

А 2011  
29589к



# Ілияс МҰҚАЕВ



ҰМЫРЫМНЫҢ  
КӨКТЕМІ

**Ілияс  
МУҚАЕВ**

**Ғұмырымның  
көктемi**



**Алматы  
“Жалын баспасы”  
2011**

УДК 821.512.122 – 4  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
М-83 ✓

Қазақстан Республикасының  
Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін  
басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды

М-83 Мұқаев Ілияс.  
Ғұмырымның көктемі. Өлеңдер./  
Ілияс Мұқаев. —  
Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2011. — 112 б.

ISBN 978-601-7286-14-9

Жас ақын Ілияс Мұқаевтың тұңғыш жыр жинағына енген өлеңдері сезім мөлдірлігі, сағыныш сазы мен ой айқындығына толы. Мұң мен сырға ие тұмадай жырлар оқырмандарын бей-жай қалдырмайтынына кәміл сенеміз.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

М  $\frac{4702250202}{408 (05) -09}$  – 2011

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7286-14-9

© Мұқаев Ілияс., 2011

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2011



## КӨНІЛ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ БЕРСІН

“Ілиясты мен бір-ақ рет көрдім. Бірақ танысқан бойда-ақ табысқан да едік. Өйткені Ілияс – ақын. Онда да қаламы жүрдек, жүрегі елгезек, қалыптасқан ақын. Біраз өлеңін өзі оқыды, біразын қолыма ұстатып жіберді. Теңіздің дөмін тамшысынан тататының ақиқат болса, Ілиястың ақындығы табиғатына біткен шымыр талантында екен. Поэзия тебіренген ойдың перзенті десек, сол перзентті бар бояу-көркімен, әр-нәрімен құлпыртып дүниеге әкелу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін тірлік. Ал Ілияс – осындай шеберлікке құрық салып үлгерген талант иесі. Ендеше шығармашылық дүниеңнің іші-сыртына терең үңілер құдіретіңнен жазбай, жаңылмай, құлашыңды кеңге сермей бер демекпін ізбасар, әріптес ініме”.

Бұл – менің жас ақынның “Жалын” журналында жарияланған алғашқы өлеңдеріне сәт сапар тілеуім. Енді міне, менің қолыма І.Мұқаевтың “Ғұмырымның көктемi” атты алғашқы жыр жинағының қолжазбасы тиді. Өзің ұнатқан ініңнің,



келешегінен кемел үміт күтетін ізбасарыңның шығармашылық үрдісте кібіртіктесе де кідірістемей, шалынысса да жаңылыспай, екпіндеген ерке, еркін қимылынан айнымауын барынша тілейтін бөйек көңілмен қолжазбаны қобалжыңқырай парақтай жөнеліп едім... Бекер күдіктеніппін. Ілияс қарқынын үдете түскен екен.

Қараңыз:

Өтінем мұны естен шығарма,  
Мүсіншім шабыты шарқ ұрған.  
Ескерткіш қоймаңдар қыранға,  
Мыс түгіл алтыннан.

Сөзіме қарама күмәнді,  
Тұғыры олардың қия – шың.  
Төбеңде қалықтар қыранды,  
Төменге қалайша қиярсың?!

Өзгені елең еткізер ой да бар. Сол ойды көңіл елегінен кідіртпей өткізе қоярлық әсерлі орындау да бар. Рас. Төбеңде қалықтар қыранды төменге телміртіп қою – күнә. Еркіндікті тас тұғырға тұқыртып таңып тастау – қылмыс.

Ақындық ұзақ сапардың алғашқы сүрлеуін, өз сүрлеуін жаңа бастаған Ілиястың ұяң махаббат, сол махаббаттың ыстық-суығы, танысуы-табысуы, ажырасуы-сағынышы әдемі һәм әсерлі жырланған өлеңдері оқырманның өзектес сезімін тұрткілеп оятарына өз басым кәміл сенем. Өйткені жас ақында жасандылық жоқ. Жанының жаңғырығындай боп төгілетін көңіл сырын, көкірек құпиясын



жасырып – жұмбақтап ірікпестен адал  
жүрек азаматтың бөрімен бөлісуге дайын.

...Мен ақ қардай ақ едім азандағы,  
Сен бір жан ең сол қардай таза арманы,

Екеумізді жүретін бал аштырып,  
Ғапыл өмір тынды ақыр адастырып.

Терезесін көңілдің қырау шалып,  
Сені іздедім жаһаннан сұрау салып.

Сезімге серттей берік жан арманым,  
Сені іздедім шарқ ұрып таба алмадым.

Таңғы шықтай бөкізе ек, мөлдір едік,  
Өткенді аңсап өртеніп енді келіп,

Жүрекке һәм мұң кілкіп келбетімде,  
Жыландай түсі суық жер бетінде,

Жан – жадау, арман – алаң, көңіл – сынық,  
Келемін қоңыр төбел өмір сүріп,  
Өзіңсіз.

Жүрек мұңы осылай сөйлесе керек.  
Мұң ойлантады. Мұң күрсінтеді. Бірақ  
сол мұңның ілгеріден күтер үміті де  
болады. Өйтпесе ол мұң болмай қасіретке  
айналып кетер еді. Жүрек мұңының бір  
қасиеті де – оның келешектен күдер үзбеуі.  
Келешектен келешегін іздеуі. Ілияс осыны  
анық меңзейді. Осыған ақын көңілі анық  
сенеді.

“Ақындық – ақ алмастың жүзі”. Осыны  
талайлар дәлелдеген. Талайлар дәлелдеп  
келеді. Талайлар дәлелдер өлі-ақ.



Ендеше:

Оңашада мұңға батып не түрлі,  
Өз ойымнан өзім кейде жабығам.  
Ақ таяқты ат қып мінген кекілді,  
Сосын... со-нау бал күнімді сағынам, –

деген Ілиясқа мұңға онша бата берме.  
Ақ алмастың жүзін қайыратын да,  
майыратын да мұң ғана дегім бар. Ал  
балалық көңіліңнен айырылма. Бала  
көңілдің тазалығы, мөлдірлігі, мәрттігі –  
ақынның ғұмырлық таусылмас қазынасы.  
Сол асыл қазынаңнан адасып қалмай,  
тауысып алмай, көбейте, көркейте бер.  
Шығармашылық жолың жемісті де жеңісті  
бола берсін. Көңіл көкжиегің келешекке  
қарай кенересін кең жайған екен. Бүкіл  
әлемді аясына сыйғыза берсін, бауырым.

*Софы Сматаев*  
*жазушы, академик, халықаралық*  
*“Алаш” сыйлығының,*  
*“Құрмет”, “Парасат”*  
*ордендерінің иегері*

# **БІРІНШІ БӨЛІМ**



**ТЕРЕЗЕСІН  
КӨҢІЛДІҢ ҚЫРАУ  
ШАЛЫП...**





\* \* \*

Жарылқа, Алла, құлыңды,  
Жарылқа, Алла, ғұмыр бер.  
Мойылдай мөлдір жырымды,  
Оқиды жатқа түбінде ел.

Оқиды жатқа ел, сенемін,  
Алады ол билеп ерікті.  
Өйткені менің өлеңім,  
Күнекейден де көрікті.

Атыма шаң да жуытпай,  
Оқиды жыр деп біз күткен.  
Бастарын иіп уықтай,  
Тұрады сұлу қыз біткен.

Болмайды бөгет көлденең,  
Шуаққа бөлеп маңайды  
Табаным тиіп көрмеген,  
Жерлерге жырым тарайды.

Шерменде болмай шерменен,  
Айтайын ашық сырымды.  
Өмірі жүзін көрмеген,  
Соғады жатқа ел жырымды.



Соғады жатқа ел, сенемін,  
Алады ол билеп ерікті.  
Өйткені менің өлеңім,  
Күнекейден де көрікті.

...Туған ел мені қолдаған,  
Мақтайды-ай ауыз көпіртіп.  
Менімен жерлес болмаған,  
Жандардың бәрін өкіртіп...





\* \* \*

Жүрегім жырға жерік болғалы,  
Өміріме өлең серік болғалы  
Өмірдің күзі жемісін бермей,  
Көңілдің мұзы еріп болмады.

Шығам деп алып түнектен көпті,  
Жанымның мені үні өктем етті.  
Қазаққа төнген қауіптің бәрі,  
Алдымен мендік жүректен өтті.

Ет-жүрек содан езілген мынау,  
Түспейді қайтіп сезімге қылау?  
Шалшықтың – көлге,  
балшықтың – тасқа,  
Айналып кеткен кезінде мынау.

Жалғанда түк жоқ десем де мәңгі,  
Өмірден алар есем көп әлі.  
Мылқауға бүгін тіл шықпақ түгіл,  
Сөйлей де сөйлей шешен боп алды.

Жете алмай көкке анық төбеміз,  
Ұмайдай ұлып маңып келеміз.  
Тектіге ғана бұйырар Бақты,  
Ептіге неге таңып береміз?

Соны ойлап көңіл күпті ала бөтен,  
(Жанымды мұңмен жұптаған ба  
екен?)

...Ақынның егер азабын артса,  
Атанға қанша жүк болар екен?!



\* \* \*

*Ақтоғайға кіре беріс күре  
жолдың бойында дала қыранына  
қойылған ескерткіш тас тұр.*

Өтінем мұны естен шығарма,  
Мүсіншім шабыты шарқ ұрған.  
Ескерткіш қоймаңдар қыранға,  
Мыс түгіл алтыннан.

Сөзіме қарама күмәнді,  
Тұғыры олардың қия-шың.  
Төбенде қалықтар қыранды,  
Төменге қалайша қиярсың?!

Басында тұқыртпай төбенің,  
Қыранның киесін танып бақ.  
Кереге қанаттым о менің,  
Ұшыңдар биікте қалықтап.

Ал, жер ме?!  
Жер лайық жыланға,  
Жыбырлап жүрсін ол шаң жұтып.  
Қоймаңдар белгі тек қыранға,  
Қарғалар кетеді саңғытып!!!





## ҚАЛАДАҒЫ ҚАРТ СӨЗІ

Санама ерік...  
Тимеген соң еріксіз балама еріп.  
Кеңдікке іңкөр даланың  
дарқан ұлы едім,  
Сыя алмай жүрмін қайтейін,  
қалаға келіп.

Жан едім ісіне берік...  
Еліме деген сағыныш күшіне еніп.  
Елегзіп шығам түнімен  
ауылды аңсап,  
Тобылғы түсті торы атым түсіме еніп.

Қабарып қалдым...  
Тірлігін көріп ақсаузақ  
қалалықтардың.  
Арғымақ тектес жан едім,  
далаға құштар,  
Қапас қалаға тұтқын боп  
қамалып қалдым.

Қырат, даланың...  
Деген ем мәңгі төсінен  
тұрақ табамын.  
Жібек жел соқса тербелер көк  
майсаны аңсап,  
Тас көшеде қамығып жылап барамын.

Санама ерік...  
Тимеген соң еріксіз балама еріп.  
Кеңдікке іңкөр даланың  
дарқан ұлы едім,  
Сыя алмай жүрмін қайтейін,  
қалаға келіп.



## АУЫЛДЫ АҢСАУ

(*Меруертке*)

Кетейiк, күнiм, ауылға,  
Сағындым сағым даламды.  
Бауырды басып бауырға,  
Бiр қуантайық анамды.

Кетейiк, күнiм, бұл жақтан,  
Керек те емес баспана.  
Ала қағазын бұлдатқан,  
Мезi етiп бiттi тас қала.

Құрсаған мұңнан арылып,  
Жақындай түссiн арамыз.  
Сарыла күтiп сағынып,  
Сарғайған шығар анамыз.

Кетейiк, күнiм,  
Көппен бiр,  
Қарсы алсын дала-ұлығым.  
Желiден босап кеткен бiр,  
Келдi деп қасқа құлыным.

Анама дәм мен тұзынды ал,  
Ойлана берме, күнiм, мың.  
Ол жақта менiң iзiм бар,  
Бақытты балғын күнiмнiң.

Бiр елi қалма қасымнан,  
Сол iздiң сырын байқайын.  
Тауымның тарғыл тасына,  
Жiгердi жанып қайтайын.



Жақыннан жүрсек қол үзбей,  
Тірлікте мына болар мән.  
Өңірде қалған сол іздей,  
Өмірде із қалса, жоқ арман.

Кетті деп келмей өкпелеп,  
Бүк түсіп жатыр тауым да.  
Тамыр ап сонда көктеп ек,  
Кетейік, күнім, ауылға!  
Жетейік, күнім, ауылға!





## ТУҒАН ЖЕР

*Жарлысы мен байы тең,  
Жары менен сайы тең,  
Ботташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай...*

*Қазтуған*

Атырабы анық бай,  
Топырағы – мамықтай,  
Жапырағы – миядай,  
Шоқылары – қиядай,  
Менің туған жерімнің!

Ат құлағы – пішені,  
Ақ бұлағы – кісі емі,  
Азаматы – келісті,  
Қазанаты – желісті,  
Менің туған жерімнің!

Бүлдіргені – тобықтай,  
Гүлдің көбі – қорықтай,  
Жебе жетпес шыңына,  
Төбе жетпес құмына,  
Менің туған жерімнің!

Қыран ұшқан көгі бар,  
Құрақ ұшқан елі бар,  
Тас-құмы да аш қылмас,  
Қасқыры да қас қылмас,  
Менің туған жерімнің!!!





\* \* \*

Көкжиекті көрмегелі,  
Күзгі бақтай тоналдым.  
Мейірімге шөлдегелі,  
Сыра құмар боп алдым.

Мен мұңайсам  
(сыры мәлім),  
Жүрегіне мұң сіңбек,  
Досыма да жылымадым,  
Қасым аулақ жүрсін деп.

Туған жердің нұры сіңген,  
Өкпем өшіп, қабынды.  
Қалаға кеп тынысым мен,  
Пейіл неге тарылды?

Сұрауы бар судың-дағы,  
Табиғатпен тілдестім.  
Періште боп тудым-дағы,  
Пенде болып күн кештім.

...Алмақ түгіл тіптен ақтап,  
Уақыт ізге құм себер.  
Бір кездері сүттен аппақ,  
Болдым десем кім сенер?!..



## КҮШІРЛІК

Қанағат қып жалғыз-ақ  
соқыр атын,  
Намазын қаза қылмай  
оқып әр күн.  
Бәкір қарт шырт түкіріп  
керегеден,  
“Тәңірім, бере көр” деп отыратын.

Тегінде бітпеген-ау шалға мүлік,  
Жоқ әлде алдаған ба  
жалған үміт.  
“Тәңірім, бер көр” деп күңіреніп,  
Бәкір қарт отыратын  
жалбарынып.

Болған соң мінажаты көптігінен,  
Мейірімін Алла оған төкті кілең.  
Сауда қылып үш ұлы  
байып кетті,  
Жаратқанға үні оның жетті білем.

Айтпағанда ақшасын,  
басқасын да,  
Жеміс толы ғажайып  
бақшасын да.  
Соқыр атқа мінгескен  
үш ұлының,  
Көліктері бар бүгін бас басында.



Аяқ асты бағы да жанып тіптен,  
Бөкір шалды таниды  
халық біткен.

Жығылмайды ол  
бүгінде намазына,  
Алладан алатынын алып біткен.

Мінгесіп өскен үш ұл жаман ерге,  
Саудагер боп танылды тамам елге.  
“Төңірім, бермей-ақ қой – дейді  
енді қарт –  
Бірақ та қолдағыны ала көрме”.





\* \* \*

Өлтіріп-ап көрікті күндерімді,  
Сүйретіп жүрген жанмын  
сүлдерімді.

Санаға салмақ түсіп,  
Жұлым-жұлым,  
Жүрегімді жегідей мұң кемірді.

Мені ақын қып о баста туыпты  
анам,  
Содан бергі уақытта у ұрттағам.  
Біреулерге жұмақтай абат өмір,  
Сүмбіленің суындай суық маған.

Неге суық суындай сүмбіленің?  
Шайыр ем ғой шарлаған  
Күннің елін.

Нысанама неге мен үнемі осы,  
Шадыман шаттықты емес мұңды  
ілемін?

Жиі ерсем де жетелі ой жетегіне,  
Бітірген ілкімді іс аз өтеуіне.  
Мендік жүрек айналып  
бара жатыр,  
Мөлдіреген мұқым мұң мекеніне.

...Көңілімнің тұнығы ылайланып,  
Өзірге жүрмін рас “жылай” налып.  
Нақтың көзі оң болып,  
Бірақ мені,  
Бақтың өзі табады түбі айналып!



**БАЛҚАШ. КӨКТЕМ**

Өңі кіріп бақтардың,  
Жердің тоңы жібіді.  
“Біттім” деген ақ қардың,  
Расқа айналды күдігі.

Артын тоспай ақпанның,  
Адамдар-ай жаны ізгі.  
Таптап-таптап ақ қардың,  
Қанын судай ағызды...





\* \* \*

Кездестік те төсінде барқыт белдің,  
Мен сені мұңайтуды артық көрдім.  
Келмеді жұдырықтай жүрегіңе  
жара салып, нала-мұң  
артып бергім.

Көңіліңнің сейілмей кіл күмәні,  
Жанарыңа мойылдай мұң тұнады.  
Құшағымнан сытылып  
шықпақ болып,  
Дәрменсіз нәзік денең бұлқынады.

Көмкеріліп көп гүлмен қыр етегі,  
Көңілімді көтеріп түлетеді.  
Саған деген алапат от сезімнен  
қорқып, нәзік жүрегің дір етеді.

Кіршіксіз ақша қардай  
жаныңа өлі  
Өмір ғой талай күйе жағылады.  
...Жұдырықтай жүрегің  
аттай тулап,  
Еркін, ерке күніңді сағынады.

Қолыма түстің менің тосын анық,  
(Қандай күш сені әкелген  
осында алып?!)

Ерке лағы еліктің жіберейін,  
Енеңді тауып ал да, қосыл барыш...  
Бара ғой!



\* \* \*

Кел, өлең...  
Аққу – өлең айдыныма,  
Мен сенің шыдап өтем айбыныңа.  
Жатсынба.  
Кел, келе ғой, қайтесің сен,  
Мен бейбақты батырып  
қайғы-мұңға.

Жабырқама.  
Кел, өлең.  
Шақырамын.  
Сені күтіп таңымды атырамын.  
Кел, өлең!  
Егерде сен оралмасаң,  
Боздаймын. Еңіреймін.  
Аһ ұрамын.

Еңіретпе...  
Қайтесің еңіретіп.  
Жүрекке жүк түсірмей  
жеңіл етіп.  
Кел енді, тентек өлең, өз ордаңа,  
Сәттер өтіп барады, өмір өтіп...





\* \* \*

Жарық түспес жар-қабак,  
Мекен болған далада.  
Жек көрді деп жарғанат  
Күнге қырын қарама.

Үні өшті деп ылаңның,  
Салғырттыққа салынба.  
Жирылғаны жыланның —  
Оқталғаны шағуға.

Жанын жаулап нөпір мұң,  
Бордай езген ой, нала —  
Ақысын жеп жетімнің,  
Жетілем деп ойлама.

Белін буып бекініп,  
Бақ қонса да басыңа,  
Көбіктейін көпіріп,  
Шолақ сайдай тасыма!!!

